ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 17 қаңтар № 4360-24-00-2/3565 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының білім басқармасының «М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Назира» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Назира Нуржакиповна Айнакулова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыппұлын өндіру

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-3, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының білім басқармасының «М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Назира» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Назира Нуржакиповна Айнакулова мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Назира» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Назира Нуржакиповна Айнакуловадан талап қоюшы «Қызылорда облысының білім басқармасының «М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 23.01.2025
Заңды күшіне енген күні: 04.03.2025, судья Елшібеков Б. Е., 05.03.2025
4360-24-3-1/3692

колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының пайдасына 669 (алты жүз алпыс тоғыз) теңге тұрақсыздық айыбы және 20 (жиырма) теңге төленген мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «Назира» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Назира Нуржакиповна Айнакуловадан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.Әбілқайысқызы
көшірмесі дұрыс

Төраға Б.Е.Елшібеков

Анықтама:
Шешім заңды күшіне енді «04» наурыз 2025 жылы.

Төраға Б.Е.Елшібеков

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 23.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 04.03.2025, судья Елшібеков Б. Е., 05.03.2025